

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:
В НОМЕРЕ:

Тәкен Әлімқұлов «Қараой» шығармасы

Бір дәуірдің қос үні

Еңбегі елеулі кітапханашы

Видеть сердцем: как библиотека становится мостом
к особому миру

Екатерина Федотова

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендірудегі
тифлопедагогтың рөлі

Қызық екен – Это интересно

5(121)

2025



Еңбегі елеулі кітапханашы

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

СЕНТЯБРЬ

1 сентября – День знаний

5 сентября – День языков народа Казахстана

5 сентября – 105 лет со дня рождения казахского поэта Жубана Молдагалиева (1920-1988)

8 сентября – Международный день грамотности

13 сентября - 90 лет со дня рождения казахского советского писателя, лауреата Государственной и Международной литературных премий Казахстана «Алаш» Рамазана Токтарова (1935-2000)

14 сентября – День семьи в Казахстане, второе воскресенье сентября (второе воскресенье сентября начиная с 2013 г.)

19 сентября – 120 лет со дня рождения поэта Аскара Токмагамбетова (1905-1983)

22 сентября – 75 лет со дня рождения казахского писателя Несипбек Айтулы (1950-2023)

23 сентября – Международный день жестовых языков

23 сентября – 90-летие со дня основания Музея изобразительных искусств имени Кастеева (1935)

27 сентября – Всемирный день туризма

28 сентября – День труда. Отмечается в последнее воскресенье сентября в Казахстане.

ОКТЯБРЬ

1 октября – Всемирный день пожилых людей (1991)

1 октября – Международный день музыки

3 октября – 125 лет со дня рождения акын-импровизатора, композитора, певца Иса Байзакова (1900-1946)

5 октября – День учителя, профессиональный праздник педагогов

9 октября – Всемирный день зрения (второй четверг октября)

12 октября – День инвалидов в Казахстане (второе воскресенье октября)

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

15 октября – 120 лет со дня рождения поэта, народного писателя РК Абу Сарсенбаева (1905-1995)

15 октября – Международный день «Белой трости»

24 октября – День библиотекаря

24 октября – Международный день ООН

25 октября – День Республики — национальный праздник Республики Казахстан

26 октября – День работников системы социальной защиты

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

Тәкен Әлімқұлов

«Қараой»

Мақамбеттің ішкі алалығын өзінше сезініп, өзінше түйсінген Ықылас:

– Берісі бүкіл Беріш дуалы аузына қарайтын биекеңнің өзін қолқаладым, – деп, әңгіме шерте бастады. Бірақ әдеттен тыс босаға жақта отырған Мақамбет шешіле қоймады.

Әңгіменің тамызығы маздамағасын Жаңаберген тоқетеріне көшуді лайық көрді.

– Мақамбет, сырттап жүріп сен түк білмейсің. Сен үшін біз не көрмедік. Енді ақыл қосысуға келсек, аузыңды бұртитасың.

Шымшыған сөз Мақамбетті ашындыра алмады. Әлі де сазарып отыр. Әуес самауырдың төңірегіндегі күйбеңмен жүр. Нұрсұлтан әкесіне қарама-қарсы бір тізерлеп отыр.

Әлден уақытта Жаңаберген торыққан дауысқа ауысып:

– Сөйлескің келмесе, кетейік. Жапанда жалғыз үй отырып, қалың ағайынды менсінбейтін шығарсың, – деді.

– Төлепберген неге келмеді? – деп сұрады Мақамбет.

– Биге сенбей, қаңғыбас домбырашыға сенсең, күні ертең жалғыз өзін жіберейін. Он екі ата Байұлының тағдырын екеуің шеш! – деді Жаңаберген ұзын бурыл сақалын тарамдап.

Мақамбет жіпсіді.

– Қатар өскен ит қой. Сағынып едім.

Сөздің шынылығына, биязы үннің жұғымдылығына Жаңабергеннің көңілі босады. Орамалымен көзін сүртіп, қамыр-

ыға сөйлеп кетті.

Ол елу жылда ел жаңарып, жүз жылда қазан болатынын айтты. Заманның тарылып, уақыттың қуарғанында ескінің көзінің жоқтығын мұңдап бір өтті. «Біздің қатарымыз – қарашаның ағашындай селдір» деді. «Исатай сабаздың орнын басам деген кісіміз жынды сауықшыны іздейді» деді. «Сенің қатең – ауыл ағаларын, ру басыларын менсінбеу» деді. «Жасы ұлғайған адамның елшіл боларынан бейхабарсың» деді. Арасына жарасымды, жарасымсыз мақал-мәтел қосып, айтылмыш ойын тұздықтап отырды.

Мақамбет иланғандай. Баласына бірдеңе деп күңк ете қалды. Нұрсұлтан шешесіне қолқабыс тигізе бастады.

Жаңаберген сөз қысырағын қуғыштай келіп, ақырында жаяулағандай болды. Шындыққа да енді жақындағандай.

– Мақамбет қарағым. Төрімнен көрім жуық қалғанда, сенің сүйегіңе түскелі келгем жоқ. Бәтуа байласуға келдім, – деді.

– Нендей бәтуа?

Жаңаберген сабырлы қалпын бұзбады.

– Ел ағалары ұшып-қонбай, жата-жастана кеңесер болар. Шекпенінді сыпыр, белдігінді шеш. Қанжарыңмен үрейімізді алма.

– Жақа, жанға сенгізбей қойған заман шұнақ қой. Менің бар жазығым – осы отырған қаракөздерді ел қылмақта еді. Әлі де менің жүрегім қаракөздер үшін сыздайды, – деп, Мақамбет орнынан қарғып тұрды. Шекпенін сыпырып тастап, сарыжолақ қынды қара қанжарын қызыл керегенің басына ілді.

Қонақтар түгел жадырасып, «бәрекелдеге!» басысты.

Шай үстінде сөзге ол-пұл талшық болды. Ықылас ендігі паналар жерді меңзесе, Жаңаберген «қысқы ырзық менің мойнымда» дегенді емеуіріндеді.

Әуес пен Нұрсұлтан екі жақтап, ас қамын тездетіскен екен. Көп ұзамай ет те келіп қалды.

Мол тағамның үстінде қазақтың сөзге сараңдығы белгілі. Ет жегіш ауыздар өз қызығымен болып жатты.

Етке мелдектеген қонақтың ішіндегі ең нашары:

– Қайран Мақамның қара шаңырағы-ай! Құт қой, құт қой! – деп еді.

Жаңаберген шамданды. «Қашқын күйіндегісі осы. Ертең қалың Байұлының ішіне кірсе, жұрт бұны пір тұтады ғой!» – деп отыр.

Мана жалғыз інісі Төлепбергеннің татулығынан көңілі босағанда, Жаңаберген ішіне сақтап келген сұмдық райдан қайтпаққа ниеттеніп еді. «Жылу жинасақ та, таразының бір басын алтынға толтырып, екінші басына Мақамбетті салармыз!» – деп бір қалған. Енді нашар серігінің қолпашынан кейін қитығып қалды. «Әулекі неме Төлепбергенжанның домбырасына қызығады ғой. Ертең ел билеп кетсе, інімнің өзін құл қылары хақ. Қой, қанішер Ықыластың қолын қақпайын. Көресісін ағайынынан көрсін!» – деді.

(Жалғасы келесі нөмірде).

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Бір дәуірдің қос үні

Халқымыз әр ғасырда-ақ ел даналары мен замана тұлғаларының өзінен кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде қалдырған өнегелі сөздерін кітаптан алған. Қазір қоғам қапылыс қалпында, ақпараттық технологиялар күн санап көз ілестірмей даму үстінде. Қоғамда кітап оқу дағдысын қалыптастыру үшін дәстүрлі кітап оқуды насихаттау мақсатында Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен жылма-жыл өткізіліп келе жатқан танымалдыққа ие ірі жоба.

Биыл аталған жоба аясында проза жанры бойынша әдебиет сыншысы, ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұлов шығармалары оқуға ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнек-

ті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекен Нәжімеденов шығармалары таңдалды.

Республикалық акцияны негізге ала отырып, Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы, «Сөз сыры» жобасы аясында Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжімен бірлесіп, «Мен оқыған бір кітап» танымдық сағатын өткізді. Аталған шараға колледж оқытушылары мен студенттері және кітапхана мамандары қатысты. Тақырыпқа сай кітап көрмесі жасақталып, оқырмандарға таныстырылды. Кітапхана қызметкері Қ. Қонысбай «Қаламгерлердің шығармашылық қырлары» тақырыбында баяндама оқып, қаламгерлер туралы толық мәлімет берді. Ұлт болмысын, тіл тазалығын, басты назарға қойған ұлт жанашырының өмір жолы, өскен ортасы, қоғамдық байланысы жайында сөз қозғалып бейнеролик көрсетілді. Тәкен Әлімқұлов 1918 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Бабаата ауылында дүниеге келген. Жазуды соғыстан кейінгі жылдары қолға алған. 1950 жылы ең алғашқы «Сапар» өлеңдер жинағы жарыққа шығады. Одан кейін 1961 жылы «Жазғы жаңбыр», 1969 жылы «Боз жорға», 1980 жылы «Қаратау өрнектері» өлеңдерін жазды. Жалпы жиырмаға жуық кітап жазған Тәкен әдебиет сахнасында әдеби сын жағынан көркем шығармаларға эстетикалық баға берді. Оқырмандар Әлімқұловтың шығармашылығында поэтикалық жинақтар да, проза жанрындағы шығармаларына «Ақбоз ат», «Күрең өзен», «Тұлпарлар тағдыры», қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлына арналған «Жұмбақ жан» сияқты кітаптарына слайд арқылы сипаттама беріп, «Қаратау» өлеңі оқылды. Шара барысында колледж оқытушылары: Ләззат Балгазиева, Ардақ Калиеваның жетекшілігімен студенттер Тәкен Әлімқұловтың «Көк қаршыға», «Қара тау» шығармаларына талдау жасады. Табиғатпен үндескен туындылардың тақырыптық ерекшелігі, шығарманың шиеленіскен тұсы, өзектілігі тұтас талқыланды.

Республикалық акцияның поэзия жанры бойынша «Жүмекен Нәжімеденов – жыр темірқазығы» бейнеролигі көрсетілді.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Жүмекен Нәжімеденов – ақын, жазушы, аудармашы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1935 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Ол тек өлең авторы ғана емес, талантты аудармашы ретінде қазақ әдебиетінде із қалдырған. Оның алғашқы «Нива» өлеңдер жинағы 1961 жылы жарық көрді, ал оның поэтикалық шығармалары тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де танылды. Сонымен қатар, 2006 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Ғұнұранының авторларының бірі болып табылады. Расында, оның шығармашылығы қазақ поэзиясын байытты. Ақын бірқатар шетелдік авторлардың шығармаларын қазақ тіліне аударды. 2010 жылы Жүмекен «Менің Қазақстаным» өлеңдер мен поэмалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иесі атанды. Шара барысында «Менің елім-Гүлстан», «Туған жер туралы» өлеңдері оқылды. Тағылымды тәрбиеге толы танымдық сағат Нұргүл Аманованың жетекшілігімен «Балауса» композициясымен қорытындыланды. Шарада белсенділік танытқан жандарға кітапхана директоры Құралай Раймбаваның Алғыс хаты табыс етілді.

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясындағы іс-шаралар оқырмандарға осы екі талантты авторлардың шығармалар әлеміне енуге үлкен мүмкіндік берді.

Бұл Әлімқұлов пен Нәжімеденов шығармашылығының қазақ әдебиеті мен жалпы әлемдік мәдениет үшін маңызын тереңірек түсінуге жол ашты.

Акцияға қосылып, өзіңіз үшін уақыт өте келе өзектілігін жоғалтпайтын және оқырмандармен жүрек тілінде сөйлесуді жалғастыратын бір дәуірдің екі тұлғасының еңбектерін оқуға шақырамын! Себебі, кітап оқу – кемелдікке бастар жол.

**Құндыз Нұрланқызы Қонысбай,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар
көретін азаматтардың арнаулы
кітапханасының қызметкері**

Еңбегі елеулі кітапханашы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Кітапхана – мемлекеттің, ұлттық негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Шын мәнінде, озық ойлы, ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» - деген бастаманы жүзеге асырған болатын.

Осы орайда Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада өз ісін жетік білетін, тәжірибелі кітапханашылар аз емес. Солардың қатарында «Кітап қорын сақтау және абонемент бөлімінің» басшысы Мұсабекова Айым Қошанқызы есімі құрметпен аталады.

Айым Қошанқызы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу кентінде көп балалы, «Теміржолшылар» отбасында дүниеге келген. 1994 ж. Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын «Кітапханатану, библиография» мамандығы бойынша бітірген. Өмірде өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығын өмір бойы сүйіп өтетін жандар болады ғой, солардың бірі Айым Қошанқызы. Ол ең алғаш еңбек жолын 1995 жылы зағиптар кітапханасына келіп, «Кітап қорын толықтыру, өңдеу және каталогтарды ұйымдастыру бөлімінде» кітапханашы болып бастаған. 1998 жылдан бастап «Кітап қорын сақтау және абонемент бөліміне» ауыстырылып, 2009 жылдан бері сол бөлімнің басшысы болып қызмет атқарып келеді. Айым Қошанқызы кітапхана саласында 30 жылға таяу еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған маман. Кітапхана ісінің білгір маманы, ұтымды ұйымдастырушы, білікті басшы. Оған тән қасиет сөйлеген сөзі мен істеген ісінен айналасына айқын көрініп тұрады. Айым Қошанқызының кітапхана саласы бойынша жеткен жетістіктері де баршылық. Атап өтер болсақ, 2020 жылы Башқұртстан Республикасының

мемлекеттік бюджеттік мекемесі Макарим Хусаинович Тухватшин атындағы зағиптарға арналған башқұрт республикалық арнайы кітапханасының 85 жылдығына арналған «Ресей халықтарының мәдениетаралық өзара әрекеттесу құрылымындағы зағиптарға арналған кітапхана» Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция жұмысына белсенді қатысып, мазмұнды баяндамасы үшін Алғыс хатпен марапатталды. Облыстық арнаулы кітапханаларға Астана, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Тараз, Семей, Орал кітапханаларына іссапармен барып, методикалық және практикалық көмек көрсетіп, жұмыстарын жаңа деңгейге шығаруға үлесін қосты. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрмет дипломымен», 2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Көп жылғы еңбегі үшін 2024 жылы еліміздің Республика күніне орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Айым Қошанқызының бүгінге дейін кітапхана саласына қосқан үлесі жетерлік. Ол өз жұмысына әрдайым жауапкершілікпен қарап, ізденіс үстінде жүреді. Ұжымдағы әріптестер арасында құрметке ие. Кәсіподақ мүшесі және қоғамдық жұмыстардан шет қалмай, әріптестік үлгілерін көрсетіп, қайырымдылық іс-шараларын өткізуде белсенділік танытып жүреді. Сонымен бірге оқырман үшін қажетті тақырыптық сұраныстар мен түрлі анықтамалар, жаңа кітаптарды дайындап, оқырмандарға таратады. Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың қызығушылығын арттыруға, талғамына, таңдауына, қажетті тақырыптарын тауып беруге, әдебиеттерді іріктеуге көмек көрсетіп отырады. Жалпы ұжымның қоғамдық өміріне белсенді араласып, зағип оқырмандарға қолдан келгенше көмектесіп жүреді. Осындай ақжарқын жанмен ұжымдас болғанымыз үшін қуанамыз. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін,

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Олар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда. Біздің кітапханашылар кітапханаға кірген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағын да шашып, мейірімді жүздерімен өздеріне бірден баурап алады. Ендеше, білім бұлағының қайнар көзі – кітапханалар сарқылмай, өрлеп, өркендей берсін.

**Назым Момбекова,
Кәсіподақ ұйымының төрайымы**

Видеть сердцем: как библиотека становится мостом к особому миру

Сегодня я хочу поделиться с вами своим опытом, который стал поворотной точкой в моей профессиональной жизни и личностном становлении.

Моя история началась с обычного задания - сопровождать инвалида I группы по зрению, Залещук Анну, в детский центр оказания специальных социальных услуг, где проходят реабилитацию и социальную адаптацию дети с ограниченными возможностями здоровья, в том числе с нарушениями развития, опорно-двигательного аппарата, речи, слуха, зрения и т.д.

Анна – удивительная женщина: она не просто читает детям сказки, она их сама пишет, чувствует их душой и сердцем. Оказалось, что она уже два года посещает центр как волонтер, а теперь по согласованию с руководством центра и библиотеки, как работник. Мы отправились вместе, и я не знала, что этот день изменит меня навсегда.

Нас встретили дети - с разными нарушениями здоровья, возрастами и характерами. Кто-то сразу кинулся к Анне в объятия, кто-то просто смотрел с интересом. Она достала книгу, напечатанную шрифтом Брайля, и начала читать. Дети внимательно следили за её пальцами, ловили каждое слово. Это

была сказка о доброте и дружбе. А затем — подвижная игра, смех... Я стояла в стороне и снимала видео, сдерживая слёзы. Тогда я поняла: библиотека - это не только про книги.

С этого момента я стала искать и читать всё, что касается работы с особенными детьми - методические пособия, статьи, книги, исследования по инклюзивному образованию, опыт коллег. Мне хотелось не просто быть рядом, а быть полезной, понимающей, нужной.

Я случайно оказалась в специальной библиотеке для незрячих и слабовидящих граждан, где мне предложили работу. Библиотекарь - казалось бы, знакомая профессия. Но здесь она наполнилась новым смыслом: я научилась видеть сердцем.

В нашей библиотеке книги стали настоящими мостами между внутренним миром ребёнка и окружающим обществом. Один из самых ярких примеров - восьмилетняя Настя с диагнозом РАС (расстройство аутистического спектра). Она почти не говорила, избегала контактов. На первом занятии сидела в углу и наблюдала за мной и моей коллегой. Я начала читать вслух - мягко, спокойно, не глядя на реакцию. Через несколько встреч она подошла ближе, жестами показывала, какую книжку хочет услышать. А однажды - взяла мою руку и повела к столу, где были разложены книги. Это был её первый «разговор» со мной. Она доверилась. Это была настоящая победа.

Теперь Настя, когда мы приезжаем в центр, улыбается, хлопает в ладоши, листает страницы, повторяет фразы. Мы нашли с ней общий язык — язык книги.

Каждая встреча с детьми требует тщательной подготовки. Я подбираю литературу с особым вниманием - это должны быть добрые, яркие и понятные истории, с короткими фразами и живыми образами. Вместе с коллегами мы продумываем игровые формы и подбираем индивидуальные упражнения - простые, но вовлекающие, чтобы каждый ребёнок мог почувствовать себя включённым в процесс. Такие занятия становятся не просто полезными, а по-настоящему живыми и важными для ребёнка.

Работа с особыми детьми требует не только профессионализма. Здесь важны терпение, эмпатия, гибкость и искрен-

ность. Мы становимся для детей не просто библиотекарями, а друзьями, наставниками, иногда даже терапевтами. Каждый ребёнок – как отдельная планета, к которой нужно найти подход.

Мы читаем, играем, рисуем, мастерим вместе с ребятами. Развиваем воображение, моторику, уверенность. И если ребёнок начинает ждать свою «библиотекаршу», с волнением заглядывает в дверь, тянется к книге – значит, мы всё делаем правильно.

Особой радостью для нас стало сотрудничество с театральным кружком «Инклюзив», который действует при библиотеке. Совсем скоро они представят спектакли по добрым сказкам «Репка» и «Муха-цокотуха» специально для наших воспитанников. Мы проведём их как в библиотеке, так и в самом центре. Сказочные постановки подарят детям радость, эмоции, атмосферу настоящего волшебства и позволят почувствовать, что они – часть большого, доброго мира.

Инклюзивная библиотека – это не просто место. Это пространство, где читают сердцем. Где книга становится ключом к душам. Где каждый ребёнок чувствует себя важным, услышанным и любимым.

И ради таких встреч – встреч двух сердец, детского и взрослого – стоит продолжать. Потому что настоящая работа библиотекаря начинается там, где заканчивается текст, и начинается жизнь.

Сайкенова А.Н., библиотекарь

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Екатерина Федотова

Родилась в городе Целинограде. С детства жила без родителей. До школьного возраста воспитывалась в Доме ребенка города Целинограда. Затем переехала в город Караганду, где жила и училась в школе-интернате для слепых детей.

В школе-интернате участвовала во многих кружках. Занималась в кукольном театре, в драматическом коллективе.

Пела в хоре, была солисткой и читала стихи.

После окончания школы Екатерина жила в доме юношества «Жарқын». Там она начала заниматься спортом – легкой атлетикой. В 2006 году она стала призером Республиканской летней спартакиады по легкой атлетике среди инвалидов по зрению, заняв 2 место в беге на 100 метров.

Екатерина всегда стремилась к образованию и с этой целью закончила курсы массажистов, курсы английского языка и компьютерные курсы для незрячих.

Осенью 2011 года, после долгих поисков, она наконец встретилась со своей мамой.

С 13 лет начала писать стихи. В основном пишет по зову души, но иногда может написать и по просьбам – поздравление на день рождения, к празднику. Обычно вдохновение приходит ночью, или в одиночестве, когда ничто не отвлекает от мыслей и чувств. Екатерина никогда не пишет стихи о своей беде – слепоте, или об инвалидах вообще – это не ее тема. Любит обрамлять в рифму свои чувства, сиюминутные, или мысли о том, что ей интересно.

«Чем больше отдаю себя в стихах, тем больше получаю радости, удовлетворения, кипучей жизни - я живу, я творю, я нужна!», - так говорит о своем творчестве сама Екатерина.

С 2001 года она стала посещать Дом культуры для незрячих и слабовидящих. Там она нашла свою стихию, и для нее открылись новые возможности. Она занимается в коллективе художественной самодеятельности, принимает участие в постановках и стала участницей многих конкурсов самодеятельности – как солист-вокалист и чтец. Часто она занимает призовые места. Ей нравится читать свои стихи, участвовать в мероприятиях и дарить свое творчество людям.

Она трижды становилась номинантом на Международную Премию «Филантроп» (Россия) в категории «Литература» среди людей с ограниченными возможностями.

В 2011 году она стала дипломантом Второй Республиканской премии «Самғау» (Казахстан) в номинации «Литература» среди людей с ограниченными возможностями. В 2020 году она при-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

няла участие в Открытом Всероссийском Литературном Конкурсе «ЛиФФТ-2020», посвященном 75-летию Победы в г. Москве, и других мероприятиях.

Думай о хорошем

Будь со мною рядом,
Милый человечек!
Много мне не надо
В этот тихий вечер.

По дороге встретим
Счастье и любовь,
Лучшее на свете
Обретём мы вновь.

Не считай минуты,
Их нельзя вернуть,
Как вчера - не будет,
Мы продолжим путь.

Не грусти о прошлом,
И смотри вперёд.
Думай о хорошем,
И оно придёт.

Я готова
К повороту любого сюжета.
Я готова
К повороту любому судьбы.
Даже если
Не найду на вопросы ответов,
Я и это,
Как обычно, смогу пережить.

Не сломаюсь
Ни под тяжестью рвущего
ветра,
Ни от зноя,
Что немало сердец иссушил.
Соки жизни

Вновь черпаю в надёжности
света,
Словно свежесть
Для моей утомлённой души.

Все дороги,
Что пока за крутым поворотом,
Все рассветы
С ароматом цветущих садов,
Я готова
Принимать от судьбы за
щедроты
С тем, кто сердцем
Разделить моё счастье готов.

07.12.2023

А можно, я к тебе приду
В тиши полночной на
свиданье?
Я заберу твою тоску,
Отдам ветрам на поруганье.
Руками тучи разведу
Улыбкой нежной, губ касаньем.
И в косы солнце заплету,
Наполню мир благоуханьем
Цветов жасмина и сирени
На крыльях ветер унесёт.

Забудь о скорби на мгновенье,
Пусть горечь прошлого уйдёт!
Лица касается луч солнца,
Даря тепло своей души,
И звонко ручеёк смеётся,
Утешить, подбодрить спешит.
Отдай печаль свою стихиям,
Пусть вьюга в даль её несёт.
Ты улыбнись, и будь
счастливой!
Тебе однажды повезёт.

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендірудегі тифлопедагогтың рөлі

(мақаланың жалғасы)

*Кикбанова А.М. – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Жалпы мектептер мен балабақшаларда көру қабілеті зақымдалған балаларды қабылдайтын жағдайлар жеткіліксіз. Инклюзивті білім беру жүйесі толықтай қалыптаспаған жағдайда, бұл балалар толыққанды білім алуға мүмкіндігі болмайды.

Сонымен қатар, көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы оқулықтар, бағдарламалар және техникалық құралдардың тапшылығыда кездеседі.

ЖОО-да көру қабілеті зақымдалған студенттерге арналған арнайы мамандардың жеткіліксіздігі байқалады. Бұл студенттер үшін арнайы оқу бағдарламалары мен ресурстардың болмауы, көру қабілеті зақымдалған студенттер үшін қажетті техникалық құралдар (мысалы, дыбыстық кітаптар, арнайы компьютерлік бағдарламалар) мен оқулықтардың жетіспеушілігі кездеседі.

Көру қабілеті зақымдалған адамдар үшін арнайы жұмыс орындарының болуы шектеулі, бұл олардың жұмысқа орнала-

суын қиындатады. Көру қабілеті зақымдалған балаларға мамандық таңдауда шектеулер бар, себебі көптеген мамандықтар осы балалар үшін арнайы бейімделмеген болып табылады.

Тифлопедагогтардың басты міндеті осы қиындықтарды жеңуге көмектесу және көру қабілеті зақымдалған балаларды қоғамға интеграциялау процесін жеңілдету болып табылады. Бұл үшін тифлопедагогтар арнайы бағдарламалар әзірлейді, балаларды әлеуметтік дағдыларға, өзін-өзі бағалауға және тұлғалық өсуге бағыттайтын жаттығулар мен әдістер қолданады. Тифлопедагог өз жұмысында балалардың жеке ерекшеліктеріне қарай әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Бұл әдістер көру қабілеті зақымдалған балаларға білім беру, әлеуметтік бейімдеу және кәсіби дағдыларды дамыту саласында маңызды рөл атқарады.

1. Көру қабілеті зақымдалған балалардың ақпаратты қабылдауының негізгі тәсілі — тактильді (қолмен сезу) әдіс. Бұл әдіс, әсіресе, бастауыш сынып оқушылары мен мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте тиімді.

Әріптер, суреттер мен сандарды тактильді түрде (қолмен ұстап, сезуге болатын) жасау. Мысалы, арнайы тақтайшаларда немесе карталарда әріптерді, геометриялық фигураларды немесе басқа да ақпараттарды тактильді түрде көрсету. Балаға әртүрлі құрылымдарды сезіну арқылы үйрету, яғни заттарды түрлі материалдармен ұстату (мата, ағаш, металл, т.б.) арқылы олардың текстурасын, қасиеттерін түсіндіру.

2. Көру қабілеті зақымдалған балаларды оқытуда дыбыстық ақпарат негізгі құрал болып табылады. Бұл әдіс оқу және білім алу процесін жеңілдетеді. Оқулықтар мен басқа да материалдардың аудиоформатта берілуі. Бұл балаларға материалды тыңдау арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

3. Инклюзивті білім беру кезінде тифлопедагогтар көру қабілеті зақымдалған балаларды жалпы сыныптарда білім алуына бейімдеу мақсатында әдістерді қолданады. Көру қабілеті зақымдалған бала үшін арнайы оқу жоспары мен тапсырмаларды жасау, бұл балаға тек өз қабілеттеріне сай білім алуға мүмкіндік

береді.

4. Заманауи технологиялар көру қабілеті зақымдалған балаларға білім алуға үлкен көмек көрсетеді. Тифлопедагогтар бұл технологияларды тиімді қолданады.

Көру қабілеті зақымдалған балалар үшін арнайы бағдарламалар, мысалы, экранды оқу құралдары (JAWS, NVDA), бұл бағдарламалар экрандағы мәтінді дыбыстауға мүмкіндік береді. Көптеген зерттеулер негізінде арнайы мобильді қосымшалар, мысалы, мәтіндерді дауыс арқылы оқитын бағдарламалар (VoiceOver, TalkBack), көру қабілеті зақымдалған балалар үшін үлкен мүмкіндік береді.

5. Балалардың оқу және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін ойын әдістері қолданылады. Бұл әдіс балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуын қолдайды.

Әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған рөлдік ойындар. Бұл көру қабілеті зақымдалған балаларға қоғамда өз орнын табуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Балаларға арнайы жаттығулар мен тапсырмалар арқылы оларды түрлі жағдайларға бейімдеп, өздерінің әлеуметтік және кәсіби дағдыларын дамытуға көмектесу.

6. Көру қабілеті зақымдалған балалардың психоэмоционалдық жағдайын жақсарту үшін арнайы психологиялық әдістер қолданылады. Балалардың өзін-өзі бағалауын көтеру және әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту үшін психологиялық жаттығулар мен терапевтік әдістерді пайдалану.

7. Көру қабілеті зақымдалған балаларды болашақта кәсіби мамандыққа даярлау үшін тифлопедагогтар арнайы бағдарлау мен кәсіби дайындық жүргізеді.

Тифлопедагогтар балаларды мамандық таңдауға және еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар мен бағдарламаларды қолданады. Балаларды еңбек нарығына даярлау үшін кәсіби бағдарлау және еңбекке бейімдеу бағдарламаларын жүргізеді.

Тифлопедагогтың көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтік бейімдеу саласындағы жұмыстары кең ауқымды әрі

эртүрлі әдістерді қолдануды қажет етеді. Осы әдіс-тәсілдер балалардың тәуелсіздігін арттыруға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға, білім алуға және болашақта қоғамда толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Тифлопедагогтар бұл әдістерді нақты жағдайларға бейімдей отырып, балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп жұмыс істейді.

Қорытынды

Көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендіру – күрделі және көп қырлы процесс, ол тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуді де қамтиды. Тифлопедагогтардың рөлі осы үдерісте шешуші болып табылады, себебі олар балаларға білім беру мен әлеуметтік дағдыларды дамытуда үлкен үлес қосады. Мақалада тифлопедагогтың рөлі, оның қызметі мен әдістемелері, көру қабілеті зақымдалған балаларды әлеуметтендірудегі қиындықтар мен шешімдер талданды. Тиімді тифлопедагогикалық жұмыс арқылы көру қабілеті зақымдалған балалардың қоғамда толыққанды орнын табуына және өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынов Ж.Б. Тифлопедагогика негіздері: көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу. – Нұр-Сұлтан: Ұлағат. - 2021.
2. Базарбаева С.Ж. Көру қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтендіру жолдары. // «Арнайы педагогика» журналы. – 2018. - №2 (34). - 15–20 б.
3. Хилько Е.А. Тифлопсихология и тифлопедагогика: Учебник для вузов. – Москва: Юрайт. – 2018.
4. Шаповаленко И.В. Социальная адаптация детей с нарушением зрения: теория и практика. – Санкт-Петербург: Речь. – 2020.
5. Тұрсынова Д.М. Көру мүмкіндігі зақымдалған балаларды инклюзивті ортада оқыту тәжірибесі. // «Білім беру мен педагогика» ғылыми журналы. – 2022. - №4. - 42–48 б.
6. Семаго Н.Я., Семаго М.М. Психолого-педагогическая диагностика и коррекция развития детей с нарушением зрения. – Москва: Владос. – 2017.
7. Левина Р.Е. Психолого-педагогическая помощь детям с нарушением зрения. – Санкт-Петербург: Питер. – 2018.
8. Макарова Е.В. Адаптация слепых и слабовидящих детей в образовательной среде. // Современные проблемы науки и образования. – 2016. - №5.
9. Ақболат А.М., Ержан М., Кабиева А. Көру қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу. – Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты. – 2023.
10. Саден Ж. Көру қабілеті зақымдалған балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету ерекшелігі. – Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2023.

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН - ЭТО ИНТЕРЕСНО

Морис Метерлинк. «Соқырлар» пьесасы.

Морис Полидор Мари Бернар Метерлинк – 1862-1949 жылдары өмір сүрген бельгиялық жазушы, драматург әрі философ. Морис Метерлинктің символизм бағытында жазылған классикалық шығармаларының бірі 1890 жылы «Соқырлар» атты шығармасы жарыққа шығады. 1911 жылы Нобель сыйлығын табыстау салтанатындағы Швед академиясы секретариятының алқау сөзінде Метерлинктің осы пьесасы айрықша сөз болады.

Барлығы түс көреді

Бірақ бәрі оларды есіне түсіре алмайды. Түс көрмейтіндер де бар. Олар ауыр психикалық аурулары бар адамдар деп есептеледі. Соқыр адамдар да түс көреді. Соқырлар түсінде суреттерді елестетеді, ал зағиптар туылғаннан бастап дыбыстарды, иістерді, жанасуларды естіп, сезімдерді бастан кешіреді.

Көзді жыпылықтату

Адам орта есеппен әрбір 4 секунд сайын көзін жыпылықтатады (минутына 15 рет), жыпылықтату ұзақтығы – 0,5 секунд. Сонда 12 сағаттың 25 минуты көз жыпылықтатуға жұмсалады екен.

Кірпік туралы

Адамның үстіңгі және астыңғы қабағында 150 кірпік бар.

Ғашық көз

Адам өзі жақсы көретін жанға қарағанда көзінің қарашығы 45 пайызға үлкейеді екен.

Көздің мүйізгек қабығы

Көздің мүйізгек қабығы (роговица) акуланікіне қатты ұқсайды. Тіпті, заманауи медицинада адам көзіне ота жасалғанда акуланың мүйізгек қабығын пайдалану етек алған.

Интернет желісінен алынған

РБНСГ - ВЕСТИ



Бір дәуірдің қос үні

Видеть сердцем: как библиотека становится мостом к особому миру



Еңбегі елеулі кітапханашы

**Екатерина
Федотова**

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,

Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98

тираж 100 экз. Заказ № 1204

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Материалы публикуются в авторской редакции.